

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп тану туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 30 маусымдағы N 662 Қаулысы.

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік басқару деңгейлері арасында өкілеттіктердің аражігін ажырату және бюджеттік қатынастар мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 20 желтоқсандағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

2. Қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдерінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н  
Премьер-Министрі

Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 30 маусымдағы  
N 662 қаулысымен  
бекітілген

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар**

1. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 24.02.2014 № 129 қаулысымен. (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

2. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.02.2016 № 53 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

3. "Ормандарда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 тамыздағы N 1271 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 43, 394-құжат):

1-тармақтағы "мемлекеттік өртке қарсы қызметпен" деген сөздер "өртке қарсы қызмет органдарымен" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақтың бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі:";

6-тармақтағы "Мемлекеттік өртке қарсы қызметтің" деген сөздер "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігінің" деген сөздермен ауыстырылсын.

4. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 31.12.2020 № 960 қаулысымен.

5. Күші жойылды – ҚР Үкіметінің 20.11.2017 № 759 қаулысымен.

6. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.03.12 N 243 (қолданысқа енгізілу тәртібін 3-тармақтан қараңыз) Қаулысымен.

7. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2012.05.15 № 622 (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

8. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.08.13 N 692 (ресми жарияланған күннен бастап жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

9. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.04.2015 № 173 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

10. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

11. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 12.10.2015 № 821 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

12. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.02.23 N 138 (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

13. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006.05.05 N 371 (қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

14. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2014.12.03 № 1272 (2014.11.21 ж. бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

15. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.09.08 N 781 (ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

16. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2007.07.25 N 628 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күн мерзім өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

17. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2008.02.01 N 84 (ресми жарияланғаннан кейін жиырма бір күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

18. "Әлеуметтік аударымдарды есептеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 маусымдағы N 683 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 25, 323-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Әлеуметтік аударымдарды есептеу ережесінде:

7-тармақтағы "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын.

19. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 15.08.2014 N 938 қаулысымен.

20. "2005 жылғы 1 қаңтардан бастап Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтан төленетін зейнетақы төлемдерінің мөлшерін арттыру туралы" Қазақстан

Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 желтоқсандағы N 1347 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2004 ж., N 50, 644-құжат):

мәтіндегі "мемлекеттік" деген сөз алынып тасталсын.

21. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.01.026 N 45 (2009 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2005 жылғы 30 маусымдағы  
N 662 қаулысына  
қосымша

## **Қазақстан Республикасы Үкіметінің күші жойылған кейбір шешімдерінің тізбесі**

1. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі агенттігінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметін ұйымдастырудың тәртібі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 сәуірдегі N 430 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1994 ж., N 20, 192-құжат).

2. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 1 қарашадағы N 1345 қаулысының 1 және 2-тармақтары (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1996 ж., N 45, 433-құжат).

3. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізу және күші жойылған деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 8 сәуірдегі N 505 қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 15, 121-құжат) бекітілген Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулардың 5-тармағы.

4. "Қазақстан Республикасы құқық қорғау органдарының жүйесін одан әрі реформалау жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1997 жылғы 22 сәуірдегі N 3465 Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 22 шілдедегі N 1143 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 33, 305-құжат) 3-тармағы және 7-тармағының екінші - қырық екінші абзацтары.

5. "Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің Мемлекеттік өртке қарсы қызметінің мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1997 жылғы 18 желтоқсандағы

N 1788 қаулысының (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1997 ж., N 56, 507-құжат) 2-тармағының екінші және үшінші абзацтары.

6. "Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 22 сәуірдегі N 430 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1998 жылғы 14 қаңтардағы N 10 қаулысы.

7. "Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне толықтыру мен өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 22 мамырдағы N 616 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 20-21, 213-құжат).

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК